

67.99(5123)  
6877

# Ахмет Байтұрсынұлы

ЖАНА  
ШЫЗАМ

Әдебиеттік қор.  
Архивалық фонд

67. 995Қаз  
Б-17

**АХМЕТ  
Байтұрсынұлы**

**ЖАҢА  
НІЗАМ**


**АЛМАТЫ  
«ЖЕТІ ЖАРҒЫ»  
1996**

ББК 67.99(2) — 3 Каз.  
Б 17

143370

Б  $\frac{1201000000-075}{419(05)-96}$  қосымша — 95

ISBN 5-7667-3388-7



© Аумақ Бантұрсыңұ ты, 1996

## ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ КӨСЕМІ

Ахмет Байтұрсынұлы. Оның есімі бүкіл түрік тілдес халықтардың тарихына Кемал Ататүрік, Ысмайылбек Гаспыралымен бірге мәңгі өшпестей болып алтын әріптермен жазылды. Қазақ халқының тарихында өзінің рухани сана-сезімі, парасаты және жалпы болмысы жағынан фольклорист, ақын-жазушы, публицист, аудармашы, қазақтың тілі мен әдебиетінің негізін салушы, ірі ғалым-филолог, лингвист, түрколог-реформатор, ағартушы-демократ, гуманист, педагог, зерделі тарихшы, журналист, қазақтың тұңғыш редакторы, заң білгірі, профессор, «Алаш» партиясын құрушы, қазақтың ғылымын ұйымдастырушы, оқулықтар жазудың білгір маманы, қазақ елінің толық тәуелсіздікке жетуі үшін жан аямай күрескен ірі қоғам қайраткері, халықтың жалынды жанған адал перзенті ретінде танылады.

Коммунистік-тоталитарлық жүйенің қылығынан қан тамып тұрған кезеңінде Ахмет Байтұрсынұлының есімін сыбырлап айтудың өзі антисоветтік үгіт жүргізумен барабар болғаны еш уақытта есімізден кетпейтіні ақиқат. Ал, оның өлеңдерін оқу, зерттеу еңбектеріне сілтеме жасауға әрекет жасаған ғалымдардың ізіне коммунистік-тоталитарлық жүйенің сақшылары май шам алып түскені, құдалағаны, түрмеге жапқаны тарихтан белгілі. Оның есімін мәңгі-бақи тарихтан сызып тастадық деп, бүкіл қазақ тілі мен әдебиетінің теориясын өз аттарынан беру арқылы үлкен ғылыми дәрежелерге ие болған адамдардың аттарын атамасақ та қазақ жақсы біледі.

Құдайға шүкір, Ақаңның аруағының күштілігі сонша, тіпті қанша қанды қолдар бар мүмкіндіктерін пайдаланып, оның есімін өшіруге тырысып бақса да, ол қайта тіріліп, халықтың рухани өміріне өлшеусіз серпіліс беріп отырғанын шексіз қуанышпен мойындаймыз.

Ұлы Мұхтар Әуезов осыдан 70 жыл бұрын қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі, ұлттық бірлігі үшін жан аямай тер төккен және сол мақсатқа жету жолында жанын пида еткен оның ғұмырын зор ілтипатпен бағалап, Ақанды «оқыған азаматтардың тұңғыш... көсемі» деп көрсетуі негізсіз болмаса керек.

Ақанның қазақ ұлты үшін еткен ісін, жасаған еңбегін адам пайдаланатын өлшемге өсте сыйғызуда болмайды, оның жан дүниесі, рухани қазынасы — аса көрегенділігінде. Оның көтерген проблемалары, жалпы баға жетпес мұрасының мазмұны тәуелсіздік алған мемлекетіміздің бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейкесті мәселелеріне жауап берін тұрғанына қайран қаламыз. Осыған байланысты Ақанның әр салада атқарған қызметіне, жазған еңбектеріне баға берудің өзі оның мұхиттай терең рухани қазынасының, шексіз танымдық ой-өрісінің бір ғана нүктесіне сәуле түсіргендей болып қабылданады.

Соңғы жылдары Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен қызметі хақында Р. Нұрғалиев, Р. Сыздықова, М. Мырзахметов, Ә. Қайдаров, А. Мектепов, Ғ. Әнесов сияқты көптеген зерттеушілер күнды, мағыналы еңбектер жариялады<sup>1</sup>. Біз де өз тарапымыздан Ақанның кейбір танымдық мәселелері туралы бірнеше мақала жазған едік<sup>2</sup>.

Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы қаңғардың 28-ші жұлдызында Торғай уезінің құрамына кіретін Тосын болысының Сарыгүбек деген жерінде дүниеге келген. Оның әкесі Байтұрсын Шошақұлы тегі жағынан атақты Үмбе-

<sup>1</sup> Р. Сыздықова. Ахмет Байтұрсынұлы — «Қазақ әдебиеті», 6 қаңтар, 1989 ж; А. Мектепов, Ғ. Әнесов. Халық перзенті. — «Өркен», 14 қаңтар, 1989 ж; Р. Нұрғалиев. Алып бәйтерек. — «Қазақ әдебиеті», 21 сәуір, 1989 ж; А. Мектепов, Ғ. Әнесов. Ана тілін түрлендірген Ақаң — «Жалын», 1989, № 2; Ш. Сәтпаева. Ахмет Байтұрсынұлы. Кітапта: Ахмет Байтұрсынұлы, Шығармалары, Алматы, 1989 ж; Р. Сыздықова. Ахмет Байтұрсынұлы. Алматы, 1990 ж; Соныкі: Ахмет Байтұрсынұлы (Өмірі мен қызметі туралы) — кітапта: Тіл тағылымы, Алматы, 1992 ж; Д. Досжанов. Абақты, 1992 ж; Ж. Ысмағұлов. Ахмет Байтұрсынұлы (Ақындық және тәржіманылық тағлымы). — «Жұлдыз», 1992, № 1; Ә. Қайдаров, Ө. Айтбайұлы — Ұлы мәдениетінің Хантаөңірі. — «Егемен Қазақстан», 28 қаңтар, 1993 ж; С. Көкішев. Ақаң туралы ақиқат. Алматы, 1992 ж; М. Мамажанов. Асыл мұра. Алматы, 1993 ж; Р. Сыздықова. Ахмет Байтұрсынұлы. Ағартушы ғалым, қоғам қайраткері. — Кітапта: «Зауал», Алматы, 1991 ж; Т. Көкішев. Сын мен қиын сардары — «Ақиқат», 1991, № 12; Қызыл қырғын, Алматы, 1994 ж; М. Қойгелдиев. «Алаш қозғалысы», Алматы, 1995 ж., т. 6. еңбектер.

<sup>2</sup> Қазақтың көсемі болуға кім лайық? — «Азат», 1992, № 17; Ахмет Байтұрсынұлы құқықтық мемлекет туралы — «Ақиқат», 1994, № 7; Ахмет Байтұрсынұлы — видный реформатор правового государства. — «Юридическая газета», 1995, № 18.

тей батырдың немересі болып келеді. Байтұрсын ел арасында өзінің турашыл, тік, батыл сөйлейтін мінезіменен танылған адам болған. 1885 жылы сол аймақтың уезд бастығы Яковлев ауыл арасына келіп, Байтұрсынның інісі Ақтасты «тауып берге» салып, халықтың басына әлгір гаяк ойнатады. Шегінен шыққан бастыққа төзіп тұра алмаған Байтұрсын Яковлевті аттың үстінен жұлып алып, қатты соққыға жығады. Байтұрсынның мұндай әрекеті ол кезде империяның тағын шайқалтумен тең бағаланып, оны інісі Ақтаспен бірге 15 жылға Сібірге жер аударарды. Он үш жасында тірі жетім ағанған Ахмет Байтұрсынұлы шешесі Күніш пен Шошақтың үшінші ұлы Ерғазының тікелей қамқорлығымен 1886 жылы Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесіне түседі. Аталмыш оқу орнының қабырғасында жас Ахмет 1891 жылға дейін білімнің кәусар бұлағынан сусындайды. Білімге деген құштарлығының артқаны сонша, тінгі дәл сол жылы ол өзінің материалдық мұқтаждығына қарамастан Орынбор қаласындағы мұғалімдер мектебіне түсіп, оны 1895 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Алған білімін ағартушылыққа жұмсау мақсатында Ахмет Байтұрсынұлы 1905 жылға дейін Қостанай, Ақмола, Ақтөбе, Қарқаралы уездерінде мұғалім болып қызмет атқарады.

Бірінші Орыс революциясы басталған кезде Ахмет Байтұрсынұлы Қарқаралыда болған еді. Мұхтар Әуезов Ахмет Байтұрсынұлының Қарқаралыдағы өткен өмірін былайша суреттейді: «Қарқаралыда тұрғандағы соңғы 4 жыл Ақаңның саясат ісіне белсене кірісіп, жазумен де, ісімен де бой көрсеткен кезі, сол мезгілде 1905 жылдың өзгерісі болған. Қазақтың Мәскеуден келген бірен-саран студенттері, басқа қалаларда оқып жүрген жастары һәм ескілікпен келе жатқан пікірі түзу үлкендерінің арасында өзгеріс рухы жайылып, қазақтың елдігі сөйлей бастаған кездері сол мезгіл болатын»<sup>1</sup>. Шын мәнінде, Ахмет Байтұрсынұлы дәл Мұхтар Әуезов атап көрсеткендей, дәл Қарқаралы топырағында саяси көзқарасының іргетасы қаланып, халықтың мұңын мұндап, жоғын жоққауды өзінің өмір жолының өзегі ретінде қабылдайды. Осы мақсатты нақтылы іс жүзіне асыру мақсатында қалың бұқара арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізумен шұғылданады. Атақты Қоянды жәрмеңкесінде, 1905 жылдың маусым айының 26-шы жұлдызында Ахмет Бай-

<sup>1</sup> М. Әуезов. Ақаңның елу жылдық тойы.— «Ақ жол», 4 ақпан, 1923 жыл.

тұрсынұлы Жақып Ақбаев сияқты оқыған қазақ зиялыларымен бірге патша өкіметінің ағына империяның отарлық, орыстандыру саясатынан зардап шеккен қазақ халқының тілек-талаптарын білдіру мақсатында Санкт-Петербургке петиция жолдайды. Петицияда қазақ жерінде адам құқы аяққа тапталып, заңсыздық пен бассыздықтың шегінен шыққан орыс чиновниктерінің озбырлық әрекеттері көрсетіліп, болашақта келісімге келу арқылы қазақ даласында саяси, ұлт мәселелерін шиеленістірмей шешудің шаралары белгіленген еді. Атап айтсақ, талаптарға мына мәселелер енді: дінге қысым жасамау, қазақша мектептер ашу, Орталық Ресейден қоныс аударушыларды тоқтату, «Даланы басқару Ережесіне» өзгертулер енгізу, мекемелерде іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу, қазақ депутаттарының сайлануы сияқты т. б. мәселелер қойылды.

Патша өкіметі Ахмет Байтұрсынұлының халық үшін азаттық жолында тер төгін жүрген қызметіне күдіктене бастап, астыртын бақылауға алады. Бірінші Орыс революциясының жеңіліске ұшырауына байланысты қазақ даласында қуғын күшейе түскен сәтте патша жандармериясының қанды шеңгеліне Ахмет Байтұрсынұлы да ілінеді. 1909 жылы ол тұтқынға алынады да, 1910 жылғы ақпанның 21-ші жұлдызында Орынбор қаласына жер аударылады. Сол кеткеннен Орынбор қаласында 1919 жылдың аяғына дейін өмір сүреді<sup>1</sup>.

Ахмет Байтұрсынұлы Орынбор қаласында қол қусырып оғырмай, қазақ тілі мен әдебиетінің теориясын зерттеуге кіріседі, алғашқы қазақ оқу құралдарын жарыққа шығарады. «Маса» атты өлеңдер жинағын, «Әліппе», «Тіл құралын» жазады және И. Крыловтың 40 мысалын қазақ тіліне аударып шығады. Бұлардың сапынан ерекше көзге түскені «Маса» жинағы болатын. «Маса» қазақ қоғамын тәуелсіздік үшін күресуге ояғудың қажеттігін өлең мазмұнымен баяндаған әдеби манифест болды. «Масаны» оқыған тамысы бар қазақ ұлттық азаттық қозғалыстың сапына тұруға дайын еді.

1913 жылы Орынбор қаласында Ахмет Байтұрсынұлы білімпаз қазақ зиялыларымен біріге отырып, қазақ халқының арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу мақсатында, ұлтты ұйқыдан оятуды көздеп, «Қазақ» газетін шығаруды ұйғарады. Оны қаржыландыру мәселесін ойдағыдай шешкен соң Ахмет Байтұрсынұлы газет редак-

<sup>1</sup> Р. Сыздықова. Ахмет Байтұрсынұлы. Алматы, 1990, 9 бет.

торлығын өз міндетіне алады. «Қазақ» газетінің алдына қойған міндеті туралы оның бірінші санында былай деп жазып: «Әуелі газета — халықтың көзі, құлағы һәм тілі... газетасы жоқ жұрт басқа газетасы бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керен, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықырды...

Екіншісі, газета — жұрттың ұлапбасына медет нәрсе. Олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп ғалым адамдары газета арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық етіп тұрады.

Үшінші, газета — халыққа білім таратушы...

Төртінші, газета — халықтың даусы. Жұрттым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газета арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасақ тырысады»<sup>1</sup>.

«Қазақ» газеті Қазан төңкерісіне дейінгі аралықта ең көп тараған және ең сүйіп оқитын басылымға айналған еді. Оның қазақ халқының ұлттық санасын оятуға және өнер-білімді насихаттауға қосқан үлесі өлшеусіз. 5—6 жыл мерзім аралығында газет Алтайдан Еділге дейін созылып жатқан қазақ сахарасындағы ұлт үшін жан беруге даяр алаш азаматтарын танытты<sup>2</sup>.

Ахмет Байтұрсынұлы большевиктердің ұйымдасуымен жасалынған Қазан төңкерісін қазақ халқына түсініксіз, қажетсіз тарихи оқиға деп таныды. Ол жаңа пайда болған Кеңес өкіметінің пролетариат диктатурасының озбырлық, қорқыту, үркітумен қазақ халқына сырттан телінген, оның ұлттық этнопсихологиясына большевиктік идеологияның мүлдем жат екеніне дер кезінде көзін жеткізді, оған баға бере білді. Сондықтан ұлт мүддесіне сай, ұлттық нышандағы қасиеттерге толы Алашорда өкіметін құрып, халықты өркениетті санат дәрежесіне көтеруді мақсат етті. Осы мақсатта Ахмет Байтұрсынұлы өзінің білімпаз серіктестерімен бірге «Алаш» атты партия құруға бел байлайды. Ұйымдастыру жұмыстарын ойдағыдай аяқтағаннан кейін «Қазақ» газетінің 1917 жылдың қарашасының 21-ші жұлдызындағы санында «Алаш» партиясының бағдарламасы халық наразына ұсынылды<sup>3</sup>. Бұл құжатқа Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсын-

<sup>1</sup> «Қазақ» газеті, 1913, № 1, ақпан.

<sup>2</sup> «Қазақ» газеті туралы толық мағлұмат. Қараңыз: Ө. Әбдіманов. «Қазақ» газеті. Алматы, 1993.

<sup>3</sup> «Қазақ» газеті, 1917, 21 қараша.



ұлы, М. Дулатов, Е. Омаров, Е. Тұрмұхамедов, Г. Жүнідібаев, Ә. Бірімжановтар қол қойған. Бағдарламаның бірінші тарауы «Мемлекет қалпы», яғни қазіргі заң ғылымы тілімен айтқанда «Мемлекеттік құрылым» мағынасын білдіреді. Болашақ қазақ мемлекеттілігі Ресей құрамында болып, федеративтік құрылыс санатында тең құқықтық дәрежедегі қатынастарын қалыптастырады. Бағдарламада: «Россия демократическая федеративная республика болады. Демократия мағынасы — мемлекетті жүрт билеуі; федерация мағынасы — құрдас мемлекеттер бірлесуі. Федеративная республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады, әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді»<sup>1</sup>. Байқап қарасақ, «Алаш» партиясының бағдарламасында дәл қазіргі ТМД сияқты, экономикалық мүддеде «ынтымағы бір», ал ішкі, сыртқы саясатта дербес басқа мемлекеттермен тең құқық дәрежесінде болу айқын көзделінген. Бұл Кеңес өкіметі жариялаған федерациядан мүлдем айрықша дербестікті жария етегін мемлекеттік құрылым.

1917 жылдың желтоқсан айының 5—13 жұлдызында өткен екінші жалпықазақ съезінде Алашорда атты өкіметті құру ұйғарылғаны тарихтан мәлім. Ахмет Байтұрсынұлы осы өкіметтің халық ағарту ісін дамыту мақсатындағы оқулықтар дайындайтын комиссияның құрамына кіреді. Большевиктердің қысымына, қазақ халқына қанды көбік жұтқызған қырып-жою, үркіту-қорқыту саясатына іотен бере алмаған Алашорда өкіметі жеңіліске ұшырайды. Кеңес өкіметі халық алдында бедел алу мақсатында Алашорда қайраткерлеріне кешірім беруді ұйғарады. ВЦИК Ленинің тікелей нұсқауымен оларды қудаламау туралы мынадай шешім қабылдайды: «На основании постановления Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета от 4 апреля 1919 года ВЦИК предлагает Киргизскому и Сибирскому революционному комитетам и Челябинскому губисполкому широко оповестить население о вышеупомянутом Постановлении ВЦИК и разъяснить, что Президиум ВЦИК находит своевременным допустить бывших членов Правительства «Алаш-Орды» к советской работе и категорически запрещает преследование за прошлую их деятельность»<sup>2</sup>.

Кеңес өкіметінің Алашордаға қарсы күресін идеялық күрес деп айту қиын. Керісінше бұл күрес — қару, күш

<sup>1</sup> «Қазақ» газеті, 1917, 21 қараша.

<sup>2</sup> ҚРОМА, 14 қор, 3 тізім, 4 іс, 11 бет.

қолдану күресі. Большевиктер қазақ даласында идеялық күрестен жеңіліске ұшырап, жалған ұранның артынан ерген сауатсыз тобырды пайдалана отырып қырып-жою саясатын асқан қаталдықпен іс жүзіне асыруының нәтижесінде тәй-тәй басын келе жатқан ұлттық мемлекетті, партияны құл-ғалқан етті. Нақтылы деректерге қарағанда, Алаш партиясын қазақ халқы кейбір облыстарда 85,6 процентке дейін қолдаған<sup>1</sup>. Большевиктік идеологияның тікелей нұсқауымен жазылған әдебиеттерде Алашорда партиясы мен өкіметі «беделсіз, халық арасында ешқандай қолдау таппады, ұлтшылдардың ордасы болды» деген біржақты ғылыми негізсіз тұжырым қалыптасты. Тіпті Сәбит Мұқановтың өзінің: «А. Байтұрсынұлының Орынбордағы Свердлов клубында өтін жатқан 50 жылдық тойын тойлатпадық, шіріген картоп лақтырып, ел басшысын сахнадан қуып түсірдік» — деп жазып, жас ұрпақты Ақаңның мұрасынан алшақтағуына қандай баға беруге болады!

Белгілі тарихшы Мәмбет Қойгелдиевтің тұжырымы бойынша: «...сол тарихи кезеңде қазақ қоғамына терең дағдарысқан өркендетті жолға шығу үшін, тарихи тәжірибе көрсетіп бергендей, большевиктер ұсынған жолдан алаштық интеллигенция ұсынған жол анағұрлым тиімді және азабы кем еді. Өйткені, алаштық интеллигенция ұсынған балама жол қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін революциялық әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды эволюциялық жолмен, басқа өркендетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі жетілдіре түсуді көздеді. Ең негізгісі, бұл жол қазақ еліне өзін-өзі билеуге, сөйтіп өзінің ішкі қоғамдық мәселелерін өзі шешуге, өз атамекеніне өзі ие болуға мүмкіндік беретін жол еді»<sup>2</sup>. Шын мәнінде өте дұрыс тұжырым. Себебі білімдік сана, рухани парасат, дәреже санатынан Алашорданың қайраткерлері Кеңес өкіметін жақтаушыларға қарағанда шоқтық дәрежелері анағұрлым биік болған. Олардың көбі кезінде Санкт-Петербург, Москва, Қазан, Тарту, Киев, Варшава сияқты ірі қалалардағы университеттерді тәмәмдаған, бірнеше тілдерді меңгерген, дүниежүзілік саясат тарихынан, революциялық ілімдер мен адамзат мәдениетінен жетік хабарлары бар қайраткерлер еді. Алашорда қайраткерлері Кеңес өкіметінің оқу-ағарту ісін, шаруашылығы мен өнеркәсібін көтеруге,

<sup>1</sup> Мәмбет Қойгелдиев. Алаш қозғалысы. Алматы, 1995, 317-бет.

<sup>2</sup> Сонда, 362—363-беттер.

денсаулық сақтауды нығайтуға өлшеусіз үлестерін қосқаны хақында бізде осы күнге дейін жеткіліксіз жазылып жүр.

Ахмет Байтұрсынұлы 1919 жылы маусымның 24-ші жұлдызында РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен Қазақ Әскери-революциялық комитеттің мүшесі болып тағайындалады. 1920—1921 жылдар аралығында Қазақ АССР-інің ағарту комиссары, содан кейін ұстаздық қызметте болып, қазақ жастарын тәрбиелеп, білім беруге, оқулықтар жазуға мол үлес қосады.

1929 жылғы маусымның 2-ші жұлдызында Ахмет Байтұрсынұлы жалған айыппен тұтқынға алынып, Архангельск облысына жер аударылады. 1934 жылы М. Горькийдің жұбайы Е. П. Пешкованың ұсынысымен Халықаралық Қызыл Крестің араласуымен Ахмет Байтұрсынұлы мерзімінен бұрын босатылады. 1937 жылғы қазанның 8-ші жұлдызында қызылдар ұйымдастырған қырғынның пышағына тағы да ілігіп, адам төзгісіз азап тартып, желтоқсанның 8-ші жұлдызында атылады. Бүкіл түрік тілдес халыққа мәшһүр болған Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқының тәуелсіздігі үшін тартқан тауқыметі нағыз ерліктің, ұлжаңдылық пен патриоттықтың айнасы. «Басқасын былай қойғанда, тек зат есім, сын есім, сан есім, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, сөз таптары, сөйлем мүшелері, дыбыс, әріп, дауысты, дауыссыз дыбыстар, т. б. ондаған, тіпті жүздеген өміршең терминдерді іліміз бен ғылымымызға әкеліп орнықтырғаны үшін ғана Ахмет Байтұрсынұлы есімі қазақ мәдениеті мен ғылымының тарихына алтын әріппен жазылуы тиіс»<sup>1</sup>. Ғұлама қазақ көсемінің мына сөзі ұлтымызға ұран болуға әбден лайық: **«Біз кейін қалған халық, алға басып, жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек»**<sup>2</sup>.

Қазақ көсемінің заң, құқықтану саласында жазған еңбектері, көтерген проблемалары да өз алдына бір төбе. Мағыналы, құнарлы тілмен жазылған мемлекет, құқық салаларындағы еңбектерін бүгінгі күні жасалып жатқан

<sup>1</sup> *Аманжол Мектепов, Гариғолла Әнесов*. Ана глiн гүрлeнiргeн Ақан. — «Жалын», 1989, № 2, 15-бет

<sup>2</sup> *Ахмет Байтұрсынов*. Ақ жол. — «Жалын», Алматы, 1991, 243-бет.

реформаларды іс жүзіне асыруда қолдануға болатыны айқын екеніне көзіміз жетіп отыр.

Өкінішке орай, қазақ көсемінің толық шығармалар жинағы осы күнге дейін басылмай отыр. Ал мына қолдарыңыздағы жинақта Ақаңның заң, құқық саласы бойынша жазылған еңбектері топтастырылған. Мұқият оқыған қазақ азаматына үлкен ой салатын көсем сөзі рухани санамызды байыта түсетіні хақ. Себебі «Ахмет Байтұрсынұлының... жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт арманы... туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған»<sup>1</sup>.

Сәкен ӨЗБЕКҰЛЫ,  
заң ғылымының кандидаты.

---

<sup>1</sup> Рысғали Нұрғалиев. Алып бәйтерек. «Қазақ әдебиеті», 21 сәуір, 1989 ж, 14-б.

## ТАҒЫ ДА НАРОДНЫЙ СОТ ХАҚЫНДА \*

Народный сот жоғалса я оның қуаты кемісе, талас кемір еді деген сөзді оқып, мен өз ойымды айтын өткім келеді. Менің байқауымша, сайлаудың қазаққа бөле болып жүрген себебі народный сотқа берген қуаттың молдығы емес, халықтың сайлауды сайлау деп ұқпағандығы. Сайлауды қазақ бір ерегіс деп ұғады. Солай ұғатыны сайлауға «талас» деп ат бергеннен де көрініп тұр. Ерегіс деп ұққан соң, сайлаудың мағынасы жалғыз-ақ жеңу мен жеңілуде деп біледі. Мұнан басқа сайлауда мағына бар, яғни жұртқа келер пайда, яки сор бар деп білмейді. Сайлауды ерегіс-талас деп ұқпай, сайлау мағынасында ұқса, талас дергі мұндай зораймас еді. Қазақ мұнша арып, шіріп, азбас еді. Би, болыс, ауылнай сайлауы шыққанға 40 жылдан асты. Соңша жыл сайлауды көріп келе жатып, ойға қалған қазақ аз шығар: «Сайлау ағыстырып, шабыстырып, таластыруға шығарған нәрсе ме, яки мұның басқа бір мағынасы бар ма?» — деп.

Сайлаудың мағынасын білетұғын жұрттар талас демейді, сайлау дейді. Народный сотты жоқ етсек, болыстық, ауылнайлық қалады. Оларды сайламаймыз ба? Сайлауды талас мағынасында ұғып тұрғанда, олар үшін талас болмай ма? Кім білсін, қазаққа депутаттық, мүфтілік береітұғын күн болар. Солардың бәрін өзіміз сайлап ондыра алмаймыз, бізге болысты, ауылнайды, мүфтіді, депутатты лүкімег өзі қалап қойсын демек керек пе, яки басқа жол керек пе? Менің ойлауымша, басқа жол керек.

---

\* Мақала мәтіндері баспа тарапынан редакцияланған жоқ. Сол кездесті жазу қалпы, мәдениеті мен грамматика үлгісі сақталды.

Ол жол — сайлауды талас емес, сайлау деп халыққа түсіндіру, құлағына сіңіріп, көңіліне қондыру. Сайлауды сайлау деп білсе, пайдасына баспай, зарарына неге жүрсін? Зарарын біліп тұрса, хайуан да жоламайды. Қазақ хайуан құрлы жоқ па? Сайлауды сайлау мағынасында тұтыпбайды да, қазақтар: «Сайлау бөле болды», — дейді. Сайлау рас бөле болса, білімді, өнерлі халықтар ісінің бәріне басынан бастап, аяғына шейін неге сайлау кіргізді? Сайлауды өз мағынасында алып қарап көрелік, бөле болып табылар ма екен? Сайлау деген — өзіңе берген ықтияр. «Адам баласы ғой, пайдасын, зарарын айыра білер, өзіне-өзі қастық ойламас. Жұртқа жағымды, пайдалы болар — зарары тимес деген адамдарын өздері сайласын. Зарарлы болар деген жер несі адамдарын өздері де сайламас», — деді де, хүкімег қазаққа сайлау берді. Сайлау көп үшін берген нәрсе, көп пайдасын көздеп сайланса, яғни «мынау — халыққа тынышты, пайдалы, зарарсыз адам, анау — бұзық, зарарлы, зорлықшыл, қиянатшыл адам» деп, тексеріп, таңдап сайласа, сайлау дұрыс өз мағынасында болғаны. Халықтың пайдасы, зарары қаралмай, «мынау туғаным-тұқымдасым я құда-құрмаласым» деп, яки «мынау анадан пәлендей сомын артық беріп тұр ғой» деп сайланса, ол — сайлау емес, құр талас я сауда. Талас болған соң, таласқан ит бірін-бірі аяй ма? Сол сықылды, жеңген ит жеңілген итті қандай талайды, — талас біткеннен соңғы қазақтың істейтұғын істері де сондай болады. Талас жұртты бүлдірді деп, жұрттың бәрі де шулайды. Таласғыратұғын — жұрт, атыстырағұғын — жұрт, өзі таластырып, атыстырып отырып, жұрт сайлаудың мағынасын білсе, қалай еткенде тыныштық болады дер ме еді? Жұрт тыныштық ойласа, тыныштықтың тұтқасы өз қолында емес пе? Жұрт өзіне тыныштық, зарарсыз адамнан ауылнай сайласа, көптің пайдасын, өз басының пайдасын көздеп, ақшаға сатпайтұғын адамнан елубасыларын сайласа, бұзық би, бұзық болыс шығар ма еді? Әлбетте, шықпас еді. Олай болғанда, біздің дерттің тұқымы народный сотта емес, халықта жатыр. Бұзық билер, бұзық болыстар сыртқа шығып, көзімізге көрінген дерттің іріңі, шірігі. Іріңін, шірігін сүрікпенменен, тұқымы жоғалмай, ауру кетпейді.

Сайлау қазаққа балалардың асық ұтысқан ойыны сықылды көрінеді. Қарауылшыл, зорлықшыл болса да, одақтасы ұтса екен дейді. Халықтың пайда, зарары асықтай елеусіз нәрсе ме?

Пайдалы адамды сайлау менен зарарлы адамды сайлау арасында ешбір парық болмаса, жұрт неге азды? Өз басының уәдесі табылып, ақша алып тұрған кезде, яки жақының сайлап, дегені болып тұрғанда жақсы болып, бар мақсаты табылғандай көрінеді, жалпақ жұртты алып қарағанда, жұрт жұрт болмай, азып бара жатқанын көреді. Халал, харамды талғамай, жақыным деп я ақша берді деп, би, болыс сайлайтындардың өздері де айтады, «жұрт бұзылды, сайлау бәле болды» деп. Өзінің не істеп отырғанын білсе, солай деп айтар ма еді?

«Народный сот — жаман, жоқ қылу керек» дейміз. Народный соттың орнына болатұғын сот қандай бола-рына көзіміз жете ме? Бұл сотымызда туралық болмай жүргенін хукімет білмей жүр ме? Білсе де, народный сотты жоқ қылып, өзге сот беруден тартынады. Ол сот народный соттан артық болып табыларына көзі жетпейді. Надан судьялардың орнына ғалым судьялар жіберер, бірақ ғалым болғанменен, қазақ жайын білмесе, расына жетіп іс қыла алмас. «Орысқа өтірік айтсаң, құтыласың» деген қазақта сөз бар. Орыс чиновниктері расына жетіп, дұрыстықпенен істейтұғын болса, бұл сөз қайдан шығып жүр? Қазақтың лауазым несі адамдарының жолсыз істері народный сотқа емес, казенный сотқа тиісті; казенный сотпенен мақсатқа жететұғын болсақ, би, болыс, ауыл-найлардың бұзықтығын, қиянатшылдығын неге тыймай жүрміз?

Енді қалай етпек керек дейміз ғой. Народный сот дегеніміз қазақтың гадетіндегі қағидалар бойынша айтылатұғын билік. Бұрынғы әділ билердің қолында билік қазақтың неше түрлі дертін жазатұғын жақсы дәрі еді, бұл күнгі арам билердің қолында дәрі болмақ түгіл, у болып жұғып тұр. Дәрі жаман ба, дәрігер жаман ба? Дәрі жаман болса, басқа дәрі алу, дәрігер жаман болса, басқа дәрігер шақыру дұрыс емес пе? Бір дәрігердің қолында талай ем болып сыналған дәрі екінші дәрігердің қолында ем болмаса, шипа дәріде емес, дәрігерде.

Олай болғанда, дәрігерді жаңалау керек, яғни билерді жаңарту керек, мұны істеу оңай болмас. Көп еңбек, көп уақыт керек болар, бірақ сонан шыққан жеміс дәмді һәм жұғымды болар. Бойға сіңіп, ескіріп, үйреншікті болған ауру тез жазыла қоя ма? Сол сықылды нәрсе ғой. Қазақта білімді адам жоқ емес, көп, бірақ солардың көбі, құты, бәрі білімін халалға емес, харамға жұмсап гадеттенген. Білім — бір құрал. Білімі көп адам құралы сай

ұста сықылды, не істесе де, келістіріп істейді. Қазақтың білімді адамдары жамандық істесе де, халық оған сүйінеді, келістіріп істеген себепті. Өзге жұрт білімді бұзықтыққа жұмсағанға күйінеді, біз оған сүйінеміз. Бұл адасқандық емес пе? Жаман іс әркімнің қолынан келеді, жақсы іс қолдан келуі қиын. Біз қуаттап, қостау керек жақсылық ісі емес, жамандық ісі өнер көруіміздің жөні жоқ. Бұзықтықты қуаттап, көкке көтерсек, бұзықтық өсіп, көбеймей, кемір ме? Халық бұзылмай, түзелер ме? Адасқанымызды байқағандарымыз, бетімізді түзу қойып, жөп мынау делік, ерген — ерер, ермеген — қалар. Адасқанменен бірге адаспай, тым болмаса өзіміз жөнімізбенен өделік. Мұсылманша, орысша оқыған қазақ балалары білген жөнін не түрменен, не жолменен болса да халықтың құлағына жеткізуге тырысса, көптен не шықпайды. Айтқанымызды алатұғындар да, алмайтұғындар да болар. Сайлау кезінде жұрт жалғыз таласқанды көреді де, сайлаудың мағынасы талас екен деп ұғады. Асыл мағынасы ол емес, мынау деп ешкім айтпайды. Менің ойлауымша, «сайлау — талас емес» деген сөз қазақтың құлағына кіріп, көңіліне қонып, түсінесе, талас дерті басылар еді. Сайлаудың мағынасын түсініп сайлағанда, қандай сайлайтұғын түрін кешегі Думаға депутат сайлағанда қазақ көрсеткен жоқ па? Мынау жұрттың пайдасына сөйлер я көздер деген дәмелі адамдарын сайлады ғой. Халықтың ойлаған жерінен сайлаған адамдары шықты ма, шықпады ма — ол басқа сөз, бірақ сол дәмелі адамдардан жалғыз қазақ емес, өзгелер де үмітті еді. Барын сайлады, басқасы болып, сайлай алмай қапыда қалған жоқ. Сайлаудың бәрін солай түсініп сайласа, таласқа орын аз болар еді.

Біз хукіметтен сұрарлық мұң-мұқтажымыз көп. Сұрағанымызды беруге жалғыз мұқтаждығымыз шарт емес, хукіметтің өз есебіне дұрыс келу де шарт. Біз сұраушы, ол беруші. Сұраушы сұрағанменен, берушінің жайы, ықыласы біледі. Народный сот — өзіміздің қазақы билігіміз, өз нәрсемізден өзіміз безіп, құтқар деп сұрамай, бізге жөп сұрауға керек жат нәрсе жағымсыз болды деп. Билердің абақты кесетұғын билігі — қазақтың әдетінде жоқ жат нәрсе. Басқа шүберектен қойған жамау сықылды, қолайлы болар орны жоқ. Билер орыс заңының білмейді, абақты кесу тұрасында қазақта қағида жоқ. Заң көн білмесе, қағида жоқ болса, билер не жолменен абақты кеседі? Әрине, жолсыз кеседі. Жолсыз болған соң, олар не хакім?!



Екінші, народный сот турасында істерлік іс: народный судьяларды бетіменеп жайылтпай, қазығынан айналтып ұзатпасқа ғамал. Қазақта қандай оқиғалар турасында қандай қағидалар бар — жиыстырып, кемі болса, толықтырып, ескірегі болса, жаңартып, ақсақалдар, яки народный судьялар сондай қағида қазақта барлығын куәландырып, тиісті орынға бекіттіріп, бастырын шығарса, билерге ол қазық болар еді. Осы күнгі билер қағида бойынша істемейді, ойына келгенін істейді. Қазақ қағидасын жию оңай жұмыс емес, бірақ инет болса, қолдан келерлік жұмыс. Әр жерден «Айқап» сықылды бір жерге жиыла берсе, жиылып болған соң қағида, шариғат, нizam білетұғын адамдар бас қосып, жиылған нәрсені қарап, қолайлысын алып, қолайсызын қалдырып, кемін толықтырып (шариғаттан, нizamнан алып), жоғарыда айтылған ретпенен бекіттіріп, «Қазақ қағидасы» деп шығарса, соған муаффик салған билік хукім болып, оған халық билік хукім болмаса, судьялар бетіменен жайыла бермес еді деймін.

1911 ж.

## ҚАЗАҚ ҺӘМ 4-ШІ ДУМА

«Айқап» оқушыларға мағлұм: төртінші Думаға қазақ депутаттық сұрау керек деп жазылғаны. Бірақ ол сөзді ескеріп, депутаттық сұраған ешкім жоқ. Бұл қазақтың еш мұңы Һәм Думада еш жұмысы жоқтығы емес, алаңсыз ұйқтап жатқандығы. Қазақтың халі не болары белгісіз: қазақтың жері турасында бекіліп закон шыққан жоқ. Төртінші Дума арқылы бес жылдың ішінде талай закондар шығар. Олардың ішінде қазаққа деп арнап шығарылған, яки қазаққа келіп ұшығы тиетін закондар шықпай қалмас. Сондай орындарда қазақтың өзінен барған депутаттардың пайдасы тимей тұрмас еді. Оны ойлаған қазақ болмады. Ондай нәрселерді ойлауға қолы да тимейді. Өз араларындағы дау-шары басқаға мойнын бұрғызбайды. Елдің бір жағын жау шауып жатса, екі қазақтың ерегесі оған барғызбайды. Ізденіп, сұранып депутаттық алып, ол жолменен қазақ Думаға кірмейтініне көз жетті. Басқа жұрттар сайлауға даярланып жатты. Орын-

борда тұрған қазақ азаматтары ішінде Түркістан жағынан келген Қонырқожа Қожықов бар, ақылдасып, басқа жолменен қазақтан депутат болу жайын қарастырдық. Ақырында, Орынбор шаһарынан сайланмыш выборщиктің біреуін қазақтан сайлаңыз деп, ноғай тугандардан сұрамақшы болдық. Бұл ойымызды «Ақыл» адресіндегі<sup>1</sup> адамдар да мақұл көріп, Орынбор сайлаушыларына жазған ашық хатымызға газетасынан орын беріп, ағайынды жұртың бір-біріне еткен ұмытылмағ сыйы болатындығы, бір-біріне махаббаты артылуына себеп боларлық нәрсе екендігін халыққа ұқтырмақшы болды. Хатымыздың сөзі мынау еді: «Құрметті діндес, қандағ сайлаушы әпенділер! Баршаңызға мағлұм, үшінші июнь кәнуны бойынша жеті облыс қазақ жұрты дәулет Думасына өкіл сайлау хұқынан мақұрым болғаны. Өткен 3-ші Думада қазақтар хұсуында<sup>2</sup> сөз болғанда, мұсылман өкілдері, оғайрылар, қазақ сөзін сөйлемек, қорғамақ шеттері болса да, жайын-күйін жақсы білмеген себепті, әсерлі һәм дәлелді еш нәрсе айта алмады. Бұ болашақ 4-ші Дума қазақтарға тағылықты хұкімет тарапынан проектiлер кiргiзбекшi. Олардың іршілігінің таяпышы — жер мәселесі турасында проектiлер қаралмақшы. Жоғарыда айтылмыш 3-ші июнь зақоны бойынша қазақтар бұл Думаға да депутат жіберу хұқынан мақұрым. Хал мүшкіл: соңғы жер проектi қаралғанда қазақтардан өкіл болмайды, басқа өкілдер олардың халін жақсы түсіндіре алмайды. Сондықтан бұ Думаға бір ғана болса да қазақтан өкіл кіру бек қажет.

Әгерде мұсылман қарындастарымыз қазақ халінің мүшкіл екендігін ойлап, мархабат ететін болса, Орынбор шаһарының өзінен қазақтан бір өкіл кiргiзуге мүмкiн. Қысылған жерде қарасу, қиыналған жерде болысу адамшылықтың, мұсылманшылықтың ең жоғары дәрежесінен еді. Шафқат деген нәрсе бар болғандықтан, біздер, Орынбор шаһарында тұрған һәм сайлар хұқықына мақұрым болған қазақ зиялылары, діндес, қандағ қарындағтарымыздан өтінеміз. Орынбордың екінші корнесінен сайланатын выборщиктікке қазақтардың біреуін сайлаңыз екен. Егер мұсылман қарындастарымыз бұ өтінімізді қабылдаса, орыс сайлаушылар да қарсы келмес еді деген үміг бар. Қазақтан сайланатын депутат қазақ

<sup>1</sup> Редакция.

<sup>2</sup> Заң.

интерестерімен қатар барымызға матұұлық гүмни мү-сылман интересеріне тырысатыны, мүсылман фракциясында болып, қызмет ететіні шүбәсіз. Тағарлардан Уфа, Қазан губернияларынан бірнеше депутат бар. Енді Орынбордан болған бір орынды бізге мархабат еткеннен Сіздерге кемшілігі болмас. Әмбе алты миллион дінчес, қандас қарындастарыңызға мәңгілік ұмытылмас бір ағайыншылық еткен болар едіңіздер».

Бұл өтінішімізді естіп, Түркістан шаһарынан «Уақыт» адресіне Шымкент уезінің қазақтары Бәйтерекөв, Қарынбаев, Алдияров, Махмұт Шариповтар телеграмма соқты Телеграмма сөзі: «Біз, Шымкент уезінің қазақтары, Орынбор мүсылмандарынан өтінеміз — бізге қарындастық етіп, жәрдем қолдарыңызды созып, Думаға бір қазақ сайлауыңызды, Орынбор губерниясындағы мүсылманлардың бұл еткен жәрдемі қазақтарға бек қымбат тарихи бір белгі (сый) болар еді».

Ноғайлардың ашық пікірлі адамдары: «Жолымызды қазаққа берелік, бұл бұйымнан емес, хұқықтан қарасып берген сыйымыз тарихтың жүзінде, қазақтың көңілінде қалатын нәрсе»,— деді. Қараңғы пікірлі адамдары бұл істің асылына ой жіберіп қарамады. Қараңғыларға басшы болушы молдалар гой, олар да: «Қазақ қандас қарындасымыз еді, бұлар депутатсыз қалып барады, жолымызды берелік»,— деп айта алмады. Өздерінің қолайлап жүрген адамы Геси мырза Енекесевтен айрылмады. Енекеев мырза да: «Қазақ қарындасымыз үшін мен жолымды қиямын, менің орныма қазақтан біреуді сайлаңыз»,— деп айтпады. Осы себептермен Орынбор шаһарынан қазақтан выборщик сайлана алмады. Төртінші Думаға қазақ депутатын кіргізуден үміт үзіп тұрғанда, Троицк шаһарындағы мүсылмандар Жансұлтан Сейдалинге выборщик бол деп еді, Сейдалин қабылдамай тұр деген сөз естілді. Мұны естіген соң, Орынбордағы қазақтар Жансұлтан әпендеге телеграмма соқтық: «Троицк мүсылмандарының выборщик бол дегенін қабыл етіңіз» деп. Жансұлтан әпенді выборщик болып Орынборға келген соң білдік: «болмаймын деп тұр» деген сөз бекер екен, выборщик болуды әуелден-ақ қабылдаған екен. Выборщик болған соң, ойлап едік: депутат болуға да ойы бар шығар деп. Ондай ойы жоқ екенін Орынборға келген соң білдік. Депутаттықтан тартынатын себебі: пенсия алуға үш-ақ жылы қалған екен. «Депутат болсам, пенсиядан айрылып қаламын. Екінші, бұл Думаның ағза-

ларының көбі қаражүздерден<sup>1</sup> болайын деп тұр, ондай Думада қазакқа не пайдазы іс етемін», — деді

«Осы көптен маған не ішеді» деп, тойдан қайғып кеткен сықылды, мұнысы дұрыс емес, бірақ шыны пенсиясып кнмағандық болды. Жолын Енекеевке беріп, Орын бордағы олай-бұлай жұмыстарын жұмыстап қайтты Қысқасынан айтқанда, қазақты жатып жеген де, сатып жеген де төрелер еді. Мойнындағы борышып біліп, төлеуді ойлайтын төрелерден болып табылмады, «қатып ерге қарайды, ер жерге қарайды» деген сықылды болды.

Ашық пікірлі, тарақи<sup>2</sup> жолындағы ногайдың азаматтарына көп-көп рақмет, қазақтан депутат болуына күш салып-ақ еді, болмады. Өзімізге болмаса, өзгеге өкпелер жайымыз жоқ.

1912 ж.

## ҚАЗАҚ ЖЕРІН АЛУ ТУРАСЫНДАҒЫ НИЗАМ

Қазақ пайдасындағы жерлерді алады, қыстауларынан көшіріледі, қай жөнмен алып, қай орынға көшіреді — оны қазақ білмейді. Жоғарғы хакімдердің қазақ жері турасында шығарған ннзам, бұйрықтары болса да, ол бұйрықтарды мұндағылардың қайсылары орнына келтіріп, қайсылары орнына келтірмейді. «Қазақ жол ретін білмейді», — дейді де, біреулері жолменен істемей, жо-сып, бетімен кетеді. «Мынауың жолсыз гой», — деп, қазақ дауласа алмайды. Білмейтұғын қазаққа бәрі жолды бо-лып көрінеді. Сондай жолсыз істерден орынсыз жәбір кө-ріп, әуре болып жүрген қазақтар көп. Қыстау салған же-рінен айрылып, қыстайтұғын жаңа жерді общества бер-мей, жер алып беріп орналастыруға міндетті мекемелер оған қабырғасы қайысып қайғырмай, екі жыл, үш жыл, төрт жыл нішен шаба алмай, егін сала алмай, отырарға орын таппай сандалып жүрген қазақтарды көз көріп тұр. Қазақ жерін алу турасында шыққан ннзам, бұйрықтар-ды қазақ білсе, осындай жәбір көрушілер азаяр еді дей-мін. Жол бойынша: қазақты қыстауынан көшірмей тұ-рып, жаңа жерден орын сайлап беруге міндет, қазақ көшкенде даярлап, шығарып, белгілеп берген жерге кош-

<sup>1</sup> *Қара жүздіктер* — черносотеншы.

<sup>2</sup> Алға басу.

пек. Жаңа жер бергенше орнынан қозғалмасқа. Бұл жолды білмей, «мұжық қуын шығарды, пәлен қуып шығарды, отыра алмадық» дейді. Мұжық болсын, басқа болсын, нizamнан күшті емес. Жолды іске көнуге, жолсызға көнбегеннен ешкім айыпты болмайды. «Үй-мүлкімізді көшіргенде дұрыстықпенен кеснеді, арзан бағалады» деп жүрген қазақтарды да көреміз. Осылардың барлығы да қазақтың жол білмеген нашарлығының кесепаты.

Жалпақ жұрттың бәрі болмаса да, жалғыз-жарым азы да болса, пайдаланар деген ниетпен қазақтың жерін алу турасындағы шыққан нizam, бұйрықтарды қазақшаға аударып, бірте-бірте жұрттың құлағына түсізбек ойым бар.

Қазақ пайдасындағы жердің артығын алу турасында шыққан нizam, бұйрықтардың ең әуелі білуге керегі — 1909-шы жыл, 9-шы июльде Министрлердің Советі ұнаттып шығарған насихат бұйрық. Бұл бұйрық қазақ жерінің артығын қарастырып шығаратын мекемелерге көрсеткен көшесі, жолы, мұның бойынша істеген істер жолды, мұнан тысқары істелген істер жолсыз болсын деп. 9-шы июннің бұйрығы 12 пунктке бөлінеді. Қай пунктте, қалай етек жол деп айтқанын төменгі жазылғандардан қараңдар. Түсініксіз жері болса, әркім сұрасын.

Ауған мұжықтарды қондыру үшін хәм мемлекетің басқа керегіне қажет орындар алар үшін Ақмола, Семей, Торғай хәм Орал облыстарындағы жерлердің шамасын білмекке.

Жасалын, 1909-шы жыл, 9-шы июльде Министрлер Советі ұнаттып шығарған инструктория, яғни насихат бұйрығы:

**1-пункт:** қазақ пайдасындағы жердің артықтарын мұжықтарға патшалық керегіне шығару жолы Тобылск, Томск, Енисейск хәм Иркутск губерналарды жер кесуге шығарған нizamның <sup>1</sup> 24, 127, 129, 130, 134, 154-ші статьяларының жөнiмен бөліп, осы насихат бұйрықтың 2-ші пунктiнен бастап, 19-шы пунктiне шейiн айтылған жолдардан тысқары кетпеске.

**2-пункт:** қазақ пайдаланып отырған жердің мемлекет билігі жер шығарғанда, қазақтардың қазіргі күн көріс халына қарай, шаруасына жетерлік жер қалдыруға. Қазаққа қалғанда жететұғын шамасын, өздерінің жерлес отырған ыңғайына қарап, тап-табына бөлек мөлшерлеуге.

<sup>1</sup> Св. Зак., т. IX, особ. прилож., кн. VIII. Прав. Пересел. по продолж. 1906 г.

**3- пункт:** казакка жетерлік жер деп шамалаганда олшеуіш болатұғын сол жердегі казактың тәуір ауқатты деген үйінің шаруасына жетерлік жер. Бұлай еткенде, жердің қай шаруаға жарамды һәм казактың шаруасы қай қалыпты, яғни отырықшы болып, мал бағудан нағыз егінші болуға тұрмысы қанша жақын я алыс. Қыстаулық, жайлаулық жерлерін казакқа бөлек қалдыру керек орын тартында: қыстаулығын өз алдына, жайлаулығын өз алдына мөлшерлен қалдыруға, жайлауда аз, көп отыруына қарай.

**4-пункт:** казактарға қалатұғын жердің шамасын анықтап білу үшін Жер министрінің әміріменен әр түрлі жұмыстар болады: жердің түрін, түгін, елінің ыңғайын, жігін, жанын, малын, шаруа қалыбын білуге. Мұныменен көрінеді: а) қаралмыш жерді шаруасы бар қанша ұй пайдаланып отыр, арасындағы қонақтарды басқа көрсеткенде; б) қанша еркек жаны бар; в) бағылатұғын қанша малы бар; г) жыртатұғын жері қанша, шабатұғын жері қанша; д) мал, егін, пішен елдің ауқатына қарай бөлін таратқанда қаншадап келеді; ж) қандай шаруаға, қанша жер қолайлы екендігі; з) судың даяр, даяр емесі; к) бір бас малды асырауға қанша жайылым, қанша лабын жер қажет һәм орта ауқатты шаруашылықпен күн көруге қанша мал жеткілікті.

**5-пункт:** қарастырып, сұрастырып, есеітен білгеннен кейін, жерді қай шаруаға жарамды түріне қарап тілім-тілім бөледі һәм әр тілімге өз алдына норма, яғни план десағына жер шаруа басына я жап басына деп, мөлшер істейді. Жасалған норманы генерал-губернаторға қараған облыстарда генерал-губернатор, ол жоқ облыстарда областной правленіслер Жер министрінің бас мекемесіне тапсырады. Өз ойларын қоса айтып, оны Жер министрінің мекемесі Министрлердің Советіне кіргізеді, бекіту үшін.

**6-пункт:** казакқа мөлшерлен қалдырағұғын жердің есебіне қолайсыз жерлер кірмейді. Мысалы: сулар, құмдар, аңы көлдер, керуен жүретін, мал айдалатұғын жолдар; бұл жолдардың ені жайлаулық жерде шақырым жарымнан аспайды, қыстаулық жерде я қазынаға алынған жерлерде жүз сажыннан аспаска.

**7-пункт:** жер ыңғайыменен бөлген жерлес ауылдардың шаруасына жеткілікті деп қалдырған жер жеткіліксіз болса, араларында малдары көп бай болғаннан һәм егетұғын егінші, шабатұғын пішені көптіктен, ол ауылдарға мұқтаждығына қарай шамалап, 5-ші пункт бойынша қал-

дырған сыбағалы жердің үстіне қосымша артық жер қалдыруға болады. Мұндай артық жерді қалдырар-қалдырмас билігі Министрлердің Советінде.

**8-пункт:** қазаққа жеткілікті жер қалдырғанда (5-ші пункттағы айтылған), көп ортасындағы жайлау жерді я қыстау қасындағы жайылым жерді, сол арадағы жер кіндік елден басқа, көшпе, келімсек елдерде пайдаланып жүрген болса, сол жердегі шаруаға қалып етілмес мөлшерменен көшпелілерге де жер қалдыру керек. Олардың отыратұғын уақытына қарап һәм соңғы жылдарда көшіп келіп жүрген үйлердің санына қарап.

**9-пункт:** қазақтан артылған жерді патшалық қерегіне алғанда, бұл алатұғын жерлер қазақпенен аралас болып, араларын үзін, қатынастырмастай болмасын.

**10-пункт:** патшалық алатын жер мен қазақ пайдасына қалатұғын жерлердің жігін ашқанда, 11-ші пунктте айтылған орындарда болмаса, сөзсіз қазақтың өзінде қалуға тиісті нәрселер: а) қазақтардың орнығып, қора-қопсы, үй салып, қыстау еткен орнындағы жер; б) қазақтардың өз күшіменен қазылған арықтары, істелген бөгеттері (байланған тоғандары); в) жеміс ағашы егілген жерлері; е) егіндік, пішендік жерлер, егінге я пішенге қолдан суарғандықтан жарап тұрған жер я қолдан суарса жаратқандай жерлер, қазақ пайдасына сол жердегі мұжыққа берген мөлшерменен қалынады. бұл ретте қазақтың жалға бермей, өз еңбегі сіңген жерлердің бәрі де ықтималынша қазаққа қалатұғын жер есебіне кіруге керек; д) адам қойытып келе жатқан зираттар, халық қадірлейтін молалар, нұзам жолымен салынған мешіттер, таңбие: шаруа қерегіне я өздері тұруға қазақтың уақытша салған қора-қопсы, үйлері тұрған жерлерді алуға бұл уақытша салған нәрсе тоқтау болмайды.

**11-пункт:** мұжық поселкалары сусыз я суға мұқтаж болған жерлерде, яки мұжық жерлерімен қазақ жерлері аралас, аттамалы (через полст) болатұғын орындарда, жоғарыда 10-шы пунктте а, б, в хәріптерінің тұсында айтылған жерлердің бәрі де қазақ пайдасынан алынады. Бірақ ондай жерді алғанда, сол болыстағы жерден, болмаса өзге болыстағы жерден жері алынатұғын қазақтарға, өз жерінде егіндік, пішендік жер алып бергеннен кейін һәм а, б, в хәріптерінің тұсында айтылған еңбегіменен істелген нәрселерінің бағасын төлегеннен кейін алу тиіс.

**12-пункт:** қазақтың егін еккен я егін егейін деп даярлаған жері патшалыққа алынатұғын болса, ол жерлер

егінің жеп алғанша бұрышты несінің қолында бола тұрады.

**13-пункт:** жерінен көшпекші . . . . . казактарға . . . . . оғайри 10-шы пунктте а, б, в харіптерінің тұсында айтылған жерлерін алғандықтан көрген зарары үшін, осы насихат бұйрықтың 14—16-шы пункттерінде айтылған жол бойынша, көшіруден бұрын ақша төлеу тиіс.

**14-пункт:** көшірмекші болған мүліктерді, алынбакшы болған жерлерді, су үшін жасалған нәрселерді, еккен ағаш, егіндерін жер жұмысының чиновниктері (производитель работ) қағидаға тіркейді. Ол қағидаға жазылады: а) үй несінің есімі; б) жерінің түрі, ұста салған мүлкі, еккен ағаштарыменен; в) үй несі, білім несі адамдар, казактың жер жұмысының чиновнигі—бәрі қосылып, мүлкті жаңадан берген қонысқа көшіруге шығатын расходу; г) бұзу расходу, қайтадан орнату расходу, сыпатын, бүлінетін шығындарыменен; е) су үшін қазылған арықтардың, байлаған тоғандардың (бөгеттердің), егін шығарған ағаштар оғайри егумен шыққан жер түгінің бағалары. Бұл қағидаға басында болған мүлік несі, жер жұмысының чиновнигі, басында болған казактың білімді адамдары қол қояды.

**15-пункт:** бұл тіркеу қағида, алынағын жердің жігін ашқан итанымен, мүлік иелерінің сұраған хақысы шығысыменен — бәрі мезілігі (временная) комиссияға түсіп, сонда переселенческий правиланың 115—149-шы сатъяларының жолымен қаралады. Егер жер жұмысының чиновнигі тіркеген мүліктің кескен бағасының дұрыстығын анықтау қажет болса, мүліктің басына барып, қайтадан қағидаға тіркеп, қайтадан бағалайды.

**16-пункт:** мезілігі комиссияның кескен бағасына риза болмаған мүлік иелері областной правлениенің общій присудствнесіне арыз етеді, оның айтқан хукімі — бітім.

**17-пункт:** жер жұмысының чиновнигі жері алынағын казактарға үй басына бір адамнан шақырып, волостной управитель һәм ауылшай старшинаның алдында жер алатын жобасын айтып естіртеді. Естірткеніне протокол жасалады, оған шақырылған казактардың, лауазым несі адамдардың, чиновниктің қолдары қойылады, протоколға жазылады: а) чиновниктің істемекші болған планы; б) оның планы турасында казактар айтып, чиновник қабылдаған, қабылдамаған арыздары; в) казактың қабылданған арызы бойынша түзетіліп шыққан жердің планы, граница жүретін жерлерін қалдырмай, түгел тіркеледі.